

Анықтама

«Сырғалым» қыздар ұйымының кезекті отырысы

Күні: 18.04.2023жыл

Өткізілу формасы: кеңес беру.

Тақырыбы: Қыз қылығымен (қыз балалар арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу)

Мақсаты: Қызбаланытәрбиелеу, құрметтеу, ізетбілдіру туралы жалпы кеңес беру.

Қызбалаларға жеке гигиеналық тазалық, осы өмірдегі болашақанаретіндегі міндеттері туралы, сонымен қатар, қызбалаларға қандай қылықтардың ересі екені туралы түсінік беру.

Жүргізілу барысы: Ертеңгіана,

бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу анық және барша қауымның міндеті екенін айттырып, қыз бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлу керек екендігін ескерту.

Қыздар арасында (дәріс, кеңес)

Ертеңгіана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу анық және барша қауымның міндеті.

Мектеп өмірінде оңегелі істер мен сыпайылық қарым-

қатынас қатар тәрбиеленген қыздар ертеңбекеткенде жаксы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленері сөзсіз.

Қыздардың бірі жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да жуас, енді бірі өткір де өжет. Өнерге, мәдениетке, өткентарихқа,

отаншылдыққа өз көзқарастарын тәрбиелей отырып, отбасының алтын арқауы, негізі болуға үйрету. Ер балалармен достық қарым қатынас болғанда да әуелі ол адамның қандай екенін бақылау, яғни жүрген жігітінің сөз саптауын, қылығын, әрекетін байқау қажет. Егерде келеңсіз әрекеттер байқаған жағдайда бойын аулақ ұстау. Мейірілділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізгіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың тыныс-

тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғаны олардың санасына жасын анық ұйып, әдеп пен сыпайылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындатып, білікті, білімді, жан-

жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеуіміз керек. Ең маңыздысы қыз балалардың ерте жүктілік туралы сауаттылығы. Жан жақты білімді болуы, өзін қорғауы, өзін өзі жоғары бағалауы қыз бала үшін өте қажет.

Ерте жүктілік. Ерте жүктілік неге әкеп соқтыруы мүмкін?

Қыз баласы физиологиялық тұрғыдан ана болуға әлі дайын емес уақытындағы ерте жүктілік ақырасқынуларға әкеліп соқтырады.

Ерте жүктілік деген не? Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы

уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады. Себебі 18 жасқа дейін қыз бала организмі ерте жүктілікке дайын емес.

Сонымен қатар оқушы қыз балаларға ерте жүктіліктің салдары неге әкеліп соқтыратыны жөнінде видеоролик көрсетілді.

Қыз балалардың да пікірлері тыңдалып, қойған сұрақтарына жауап беріліп, ақыл кеңес айтылды.

Берілген кеңес:

1. Қыз баланың жан – жақты, білімді, сауатты болуы.
2. Пайдалы іс әрекеттермен айналысу.
3. Өзін – өзі жоғары бағалау.
4. Махаббат, достық қарым – қатынасының ара жігін ажырата алуы.

Мектеп психологтары:

Төлеген Н.С

Елемесова А.Н.

